

Жүрегімді, арымды зорламадым...
(Ә.Мұхамеджанов шығармашылығы жайлы)

Өлеңге деген құштарлық ақын Ә.Мұхамеджановтың қанымен берілген қасиетінен туындайтын тек сол кісіге ғана тән мүмкіндігі. Әу бастан осы табиғатымен берілген дарынын дамытып, бірыңғай ақындық жолына түскенде Әбиболла ағаның қаламынан талайды тамсандыратын туындылар келетінді. Себебі, оның біздің қолымыздағы бар өлеңдерінен үшқыр қиялмен өрнектелген, нақты өмірден алынған мәселелерді әдемі сөздермен, ретті ұйқастармен әдіптеуінен байқауға болады. Шын мәніндегі ақын өмір шындығынан еш ауытқымай өзгелерге ғана емес, өзіне де сын көзбен қарайтыны шындық. Ал өзі туралы жоғары пікірде болатындардың ақындық ғұмырының ұзаққа бармайтынын дәлелдеу керегі жоқ. Жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай сансыз көбейіп келе жатқан ақынсымақтардың күшенбе ұйқастардан тұратын өлеңдерін өзінен басқа ешкімнің оқымайтындығы, зерделеп қабылдамайтындығы жоғарыдағы сөзіміздің дәлелі. Ақындық кез келген адамның пешенесіне бұйырмайтын қанымен берілетін табиғи дарын десек, сол ақынға тән қасиеттердің барлығын да Ә.Мұхамеджанов ағаның бойынан табуға болады. Оқырманның ойын өзіміз айтып отырған арнаға бұру үшін Ә.Мұхамеджановтың әзіл-шыны аралас сұрақ жауапқа негізделген 1990 жылы жазылған «Мен қалай ақын болдым» деген өлеңіне назар аударсақ:

Сұрақ:

- Қарамай қартайғанда қалам ұстап,
Сізді кім өлең жаз деп «зорлап» еді?

Жауап:

- Әкеміз өлең сөздің тарланы еді,
Біздерді бір жеткізу арманы еді
Жылында 37 опат болып,
Артында үш жетімек қалған еді...
- Білмеймін нағашымнан кәкір бар ма,
Сүйегім болат емес, бордан еді.
Қу қырсық қара құстан отырып ап,
Жасымда жылжытпады алға мені.
Тап болып талантсыздар талқысына
Тапталып талай рет «сорлап» едім
Кергіген «Кемеңгерлер» қамға санап,
Мысқылдап мәжілісте қорлар еді.
Әншейін әзіл ғой деп бұлардікі
Әлемде әрі-бері болмап едім.
Түсіме әкем кіріп бір күндері:
«Бор кемік балам әсте болма»- деді.
Жауап бер ол иттерге өлеңменен,
Тұрдағы қалам ұста қолға» - деді.
Түсіп ап қыр ізіме қоймаған соң,

Өлеңмен басымды алғаш қорғап едім.
Қыт-қыттап келемеждеп отырыста,
Тілімнен тартқылаған Орман еді.
Жаңабай жанап өтіп бір жағымнан
Жарқылдап жүрген жерде қоймап еді.
Жақсылап екеуіне өлең жаздым.
Амалым одан басқа қалмап еді
- Тағам бар тағы да бір Тәңеш деген,
Етуші еді іске алғысыз олда мені.
Дайындап қойдым оның кересіне,
Ол менен «Сыбағасын» алмап еді.
Бірі ақсақ, бірі қотыр, бірі қу жақ,
Белгілі елге әйгілі «зорлар» еді.
Осылай екі жиен, бір нағашы
Әбиге тақымдары толмап еді.
Түрткілеп ақын қылған осы үшеуі
Әйтпесе өлең маған қонбап еді.
Аршыған бұлақ көзін жүргіншідей,
Қайнардың қара тағын қозғап еді.
Атқылап әр жағынан өлең кетті
«Қашанғы қамайсың деп торға мені».
«Қаруың алдаспандай мен боламын
Менімен өз басыңды қорға» деді.
«Сілтідей тындырамын тиіскенді,
Сілтей бер оңға мені, солға мені»...
Бұл өлең қысылғанда, қуанғанда
Тауып алған, әкем берген олжам еді.
Сонымен қартайғанда «қаруланып».
Түсірді түсініксіз жолға мені.
Себепсіз дүниеде еш нәрсе жоқ.
Берсеңде алсаңдағы қолға мені.
Алғашқы себепкерлер – нан жауғырлар:
Жаңабай, Орман, Тәңеш болған еді.
Тартамын «сыбағасын» тиіскеннің
Әруағы Күдерінің қолда мені.
Жауабым сұрағыңа осы ағайын,
Ар жағын айта бер деп зорлама енді.

Өлеңнің мәтінін зерделеп оқыған оқырман себеп және салдар деген философиялық категорияларға кездеседі. Ақындық таланттың о бастан торында жүрген Ә.Мұхамеджановтың ақын ретіндегі ашылуына нағашы жиенді Ж. Азаматов, О. Нұрқабаев, Т. Оразов сияқты ағалары себеп болған сыңайлы. Аталған елге силы ағалардың Әбиболла ағаны қамшылауы текке кетпей, кейін де талай мәнді де, мағыналы өлең жазуына алып келді.

Өмірінің соңғы кезінде Мұхамеджан - Қара молда әкесіндей алланың ақ жолына түскен Әбиболла аға өз бетінше діни сауатын ашып, сол жолға

шын пейілі, адал жүрегімен бой ұрды. Содан да болар өзінің көптеген өлеңдерінде өткінші өмірде адамдардың сыйластығын, бір-біріне деген құрметін бірінші кезекке қояды. Кез келген өлеңін зерделеп оқып қарасаңыз ақын Әбиболла ағаның сыршыл сезімінен өткен өкініштерінің де лебін сезуге болады. Қара бастың қамы үшін дүние парастықтың шегінен асқан, кейбіреулердің пендеуи пиғылына жиіркенішпен қарайды. «Өзіме әм өзгелерге» деген өлеңінде Әбиболла аға өмірінен хабардар ете отырып, өзіне деген сыни көзқарасын жасырмай, басқаларға ұлағатты ұстаным ұсынады.

Бисмиллаһир-рахманир –рахим!
Ойлансын дос-жараның, дұшпаның да,
Әбеке, қимылдай бер күш барында.
«Сексеннің серіктікке септігі жоқ»,
Деген сөз сол баяғы ұстанымда.
(Дәккәкки қартайғанда шәкірт болған,
Сексеннің сеңгіріне шыққанында).
Шабыт кеп шапқа түртіп шыдатпайды,
Шайырдың «Кәрі жыны» ұстарында.
«Өнермен көңіл әсте қартаймайды»,
Дегенін бұрынғылар ұқпадың ба?
Кеткенде тілден дәрмен, қолдан қуат,
Беймәлім қайтып қалам ұстарың да.
Әзелден адамзатқа өмір күрес,
Неғайбыл жығыларың-жықпағың да.
Ер Көшек, Күдері ақын, Қарамолда,
Әйгілі әр заманның тұстарында.
Ұлбике Күдерімен көп айтысып,
Бабама жасырмаған құштарың да...
Қос саңлақ қосыла алмай қыршын кетті-ау,
Сайраған сандуғаштай құс бағында.
Тұлпардың тас уатқан тұяғысың,
Құтқармас қашқаның да, пысқаның да.
«Жығылып» он жасыңда бәйтерегің,
Өмірдің болдың талай қыспағында.
Жазықсыз жау атанып кетті-ау әкем,
Әсірдің аты шулы қыстағында.
Опат жыл отыз жеті қанды –қасап,
Себепкер заман ба әлде, Сталин ба?..
Аттырып арыстарың қараң қазақ,
«Қуантты» қараулар мен іштарың да.
Халықпыз, «шаш ал десе, бас алатын»,
Сұрқия саясаттың ықпалында.
(Жан әкем жарықтықтың жайы болғай,
Жәннәти «Жауаданның» ұшпағында).
... Қадірін бақ-дәулеттің біледі адам,
Басынан бақыт құсы ұшқанында.

Қасыңа қадір білер мәрт келеді,
Қырсық кеп жан-жағыңнан қысқанында.

1

Мұндайда ер Бодаштай¹ ерлер қайда?
Ойланбай отқа түскен құтқаруға...
Хас қарау қайырылып қарамайды,
Дегендей: «Бәлем, сені ұстадым ба?»
Хас сараң қалғып жатып есептейді,
Күнбе-күн ішкенін де, тышқанын да.
Қорқауда қанша жесе қанағат жоқ,
Тойғанын бір-ақ білер құсқанында.
Көтерген көкірегін көргенсіз бар,
Тал түсте танымаған ұстазын да.
Қазақпыз өкінетін, өлсе өкіріп,
Тірісін жұлмалайтын тіс барында.
Білмейтін безірейген безбүйрек бар,
Обалдың сауап пенен мысқалын да.
Өмірде ала да бар, құла да бар,
Жағымпаз, жәдігөй де, мыстаның да,
«Төбесі тесік» пенде түсінер-ау,
Не жатыр әпсананың астарында?
Аз өмір аңлағанға өте шығар,
Зымырап ес жиғызбай қас-қағымда.
Қонақсың бір-біріңе сіз-біз десіп,
Жүріңдер жасамысың, жастарың да.
Бақ-дәулет, құт-береке ынтымақта,
Жүргеннің жайы мәлім бас қамында.
Мұқтажын мұңлы жанның мүлт жібермей,
Өтей біл, өзіңнің де, басқаның да.
Өлгенде мәңгі жайы жер-бесік қой,
Құлдың да, құтаның да, патшаның да.
Осылай тәңір өзі теңелтеді,
Адамның асқанын да, тасқанын да.
Осы ойлар қартайғанда қажап мені,
Келмепті керек кезі – жас шағымда.
Оянам кейде шошып өз ойымнан,
Жатса да Құран Кәрім бас жағымда!
Табынып тәңіріме тәубә деймін,
Сексеннен «сенімі жоқ» асқанымда...

1. Бодаш Уәлиев – Облысқа танымал азамат, бірнеше аудандарды басқарған Әби ағаның сырлас, замандасы.

Ә. Мұхамеджанов шығармашылығында оның өзі сыйлаған немесе іштей жақтырмаған жеке адамдарға жазған өлеңдерінің орны ерекше. Бұндай өлеңдерінде Әбиболла аға өзі нысанаға алғандардың мінез-құлқын, адами ерекшеліктерін суреттеумен ғана шектеліп қалмай, оларды өмір сүрген

ортамен және содан туындайтын мәселелермен байланыстыра қарастырады. Бұларды айтқанда Әбиболла ағаның өлеңдерінде байырғы журналист, «күлкі күмбезінің күміс қоңырауы» атанған, артында «Орекең айтыпты» деген уытты, тапқыр сөздер қалдырған О. Нұрқабаев ерекше орын алады. Орны бөлек аға ретінде О.Нұрқабаевты Қазақстан Республикасының Халық жазушысы Қ. Мұхамеджанов та жоғары бағалап: - « Біздің Сыр бойы ежелден айтулы ақындар, жезтаңдай жыраулар, шалма шешендермен қоса, айшықты афоризмдер мен жайсаң жарасымды әсем әзілдің, көңілге көлеңке түсірмес құнарлы қалжыңдардың мекені ғой. Өз басым жоғарыдағы аты есімде қалған ойға жүйрік, сөзге мерген ағаларымды өнер жолындағы тұңғыш ұстаздарым деп санаймын. Жасыратыны жоқ солардың ішінде маған Орекеңнің орны күні бүгінге дейін оқшау тұрады», - деп жазған екен. Оның үстіне Орекең Күдері ақынмен бірге туған Таспаның тікелей ұрпағы, Тапал ахун – Нұрмұхамед Қадырұлының қызы Қамса ападан туады. Туыстық жолмен айтқанда туған жиен. Орекеңнің өзі де ақындық ауылынан қашық емес. Бұл қасиет Бақсайыс аталығына жататын оған нағашылары ақындар Күдері мен Таспадан жұкса керек. Өкініштісі О.Нұрқабаевтан қалған жайсаң жарасымды әзілдерімен, құнарлы қалжыңдары, өлеңдері жинақталған жоқ.

1988 жылы Әбиболла аға толық бір дәптер қолжазбасын інісі Мәжит Құдайбергеновке беріпті. Онда: - Сен біздің әулеттен табиғи тазалығыңмен, қанағат қанасынан шықпай, адамның көңілін жықпай, адал жолдан аумай, табан жолдан таймай, аспай-саспай, арамдыққа баспай, жүзің айбатсыз, сөзің ғайбатсыз, өтіріктен өсектен, өнбейтін бақай есептен, барлық, барлық бәледен іргеңді аулақ салғандығың үшін ұнайсың, бауырым, - депті. Ал Орекең жайлы: - Ол жаратылысында юмордың ұтқыр, ұшқыр, қанатты сөздердің адамы екені баршамызға мағлұм жәйт. Бұл жөнінде эссе жазуға тұрарлық тұлға деп тұжырымдаймын.... Орекеңмен мен көбірек тұздас, дәмдес болғанмын, оның орны мен үшін ерекше, Орекеңнің бір қасиеті алғанын, бергенін, естігенін, көргенін, ішкенін, жегенін есте ұмытпайды. Сондай мәрттігі бар. Бір жаман жері өзінің айтқан сөзін ұмытып қалады. Зато, ол сөздерді отырғандар қағып алып айтып жүреді. Бір қиын жері де, қызық жері де осы. Орекеңнің өзінен интервью алып жарымайсың. Сөздерін жұрт аузынан жинастыру керек. Сенен өтініш, Орекең жайлы естігендерің болса жинап, қағазға түсіріп маған бер, - деп жазыпты.

Енді сол дәптердегі мына өлеңін «сен соғыста болған жоқсың» деп келемеждей берген Орекеңе анықтама «Справканама» ретінде жазыпты:

Ореке мен сізбенен
Соғыстан кейін таныстым.
Білмейтін кезім арасын
Жақын менен алыстың.
Ал сен соғыс кезінде,
Арасында қамыстың
Қолыңда ұзын шанышқың,
Су жағалап жүргенде,
Мен, туын ұстап намыстың,

Жапон деген жауменен,
Жолбарыстай жұлысып,
Арыстандай алыстым.
Сен судан шабақ түйресең,
Мен самурайды шаныштым.
Сен, елде қымыран сімірсең,
Мен Қытайда қан іштім.
Сен, елде қыз - қырқын құшақтасаң,
Мен жауды бүктеп жаныштым.
(Біз жасаған ерлікті,
Біле бермейд әлі ешкім...)
Қырғын боп, Хайлар түбінде,
Талайы кетті тамұққа
Науша менен арыстың.
Жанкештілерменен бетпе бет,
Жан үшін найза салыстым.
Ұлы Хинган тауының,
Басып өтіп дәл үстін
Буырқандым, бұрсандым,
Қасарыстым, қарыстым.
Квантунды талқандап,
Әйгілі Порт Артурда
Жеңіспен қол алыстым.
Жаратушы жар болып,
Ақырын беріп әр істің.
Аман қалдым сау қалып,
Өздеріңменен табыстым.
Осының бәрін білесің,
Біле тұрып Ореке -
Соншама неге жабыстың? – депті.

М. Құдайбергенов інісіне берген дәптерінде Орекеңе жазған әзіл-шыны аралас бір жағы сыйлайтын ағасына наз ретінде жазған өлеңдеріне өзі түсініктеме береді. Мысалы төмендегі өлеңі автордың мына сөздерінен басталады: - Адамның жасы ұлғайған сайын отырыс тұрыс, сөз саптау, тыңдау, т.б. этика нормасын сақтауды керек етеді. Көпшілік жерде үлкен де, кіші де, жақсы да, жаман да болады. Интеллект жөнінде жақсы, жаман пікірде қалыптасатын жер сол көпшілік. Көпшілік деген мұғалімсіз мектеп қой, бауырым. Сондай жерлерде Орекең кейде астын үстін, орынды орынсыз әзілдей бергесін былай деп едім:

Сексеніңе сен кеттің,
Алпысыңнан мен кеттім,
Мендей тірі жетім ең,
Арқасында апамның

Адам болдың ержеттің.
Нағашың мықты болған соң,
Орман бола бастадың
Сідігі кеппей жөргектің.
Жоққа атың шығып жайылды,
Арасына жер көктің.
Отырған жерің Хан базар,
Дастарханның көркі едің
Сөз нөсерін селдеттің.
Қиялға қанат бітіріп,
Ғарышқа қанат серметтің.
Сөзден сөзді тудырып,
Әзілден әзіл «төлдеттің».
Тағаға тартып туған ер!
Жақсылығың осы ма ?
Талай жерде тағанды
Олжасы еттің ермектің.
Жайыма жүрген жан едім,
Еріксіз қалам тербеттім.
Өзің ақ айтшы Ореке,
Нағашыңды кемітіп
Тәуірін саған бермек кім?
Халықтан шыққан дана сөз
Мың күн тұрған мыңқ етпей
Қанша мықты болса да,
Сынары анық шөлмектің.
Үлгі нұсқа алуға
Сенен дәмем зор еді
Амалым бар ма қайтейін,
Қартайдың да кері кеттің.

Мына өлеңіне Әбиболла аға былайша түсініктеме беріпті: - Төмендегі эпсана тереңдеу, әдебиеттегі аллегория әдісімен жазылды. Мегзеу, тұспал, емеурін дегендер де кездесіп қалады. Өмірде жиі кездесетін құбылыстар жетерлік қой, бауырым, Мәжит! Бұл солар жайлы. Мен өзімше, ақиқат жайлы дегім келеді. Орекеңе арналғанмен, басқаларға да тиісті жерлері бар шығар.

Ақиқат жалғанменен жанаспайды,
Жақынға нәмәрт туыс қараспайды.
Бас қайғы біреуге мал біреуге жан,
Біреуге кресло, палас қайғы...
Басы ауған бағдарынан кей біреулер,
Сен ғұрлы қал жағдайды сұраспайды.
Тағаға тартып туған Орман жиен,
Жұлдене сенің ешкім таласпайды.

Атадан жақсы ат артта қалса мирас,
Кейінгі келер ұрпақ адаспайды.
Ардақтап ата жолын ақылы болса,
Әмәндә артта қалған бала ұстайды.
... Тап болса талантыңа тән жарасы,
Сәтімен шипалы қол аластайды.
Жалғанда жан жарасын жазу қиын,
Ол құрғыр ем домыңмен санаспайды.
Жақсының бітімі зор жампоздары,
Жүрсе де жан қиналып жақ ашпайды.
Алдынан асу шықса амалы жоқ,
Арқырап аққан арна толастайды.
Жұмыр жер кіндігінен кері айналмай,
Бізге енді жастық қайтып жол ашпайды.
Даналық дарбазасын қағып тұрсаң,
Ореке енді мазақ жараспайды.
Ел жаңа елу жылда, жүзде қазан,
Ғұмырың өлшемінен әрі аспайды.
Осылай Тағаң айтқан тұжырымды,
Өмірі өткендердің растайды.

- Мәжит, бауырым, келесі эпсана Орекеңнің (кей жерлерде) және сол сияқты ағайындардың менде бір нәрсе (ақша) бар деген күдігіне орай ашынғандықтан айтылған шындық мынау. Қақсауларын қойсын деп былай деп едім – дейді автор.

Ей! Қақсама баурым қақсама
Арманың жалғыз ақша ма?
Маған ақың кеткен жоқ,
Кетсе де оның басқада.
Қызылордаға қалған жоқ,
Менімен жұрт кірмеген
Ресторан менен асхана.
Кіргендей ішіне кеніштің,
Арақтың көбін сен іштің.
Қимасамда басқаға
Есіңде ме Ореке - ау?
Арақты судай сіміріп
Күні түні көз ілмей
Ішкенің жата жастана.
(Жұрттың үйі үй болса,
Біздің үй болған масхана).
Оның аздау көрініп,
Сағат пен ақшамды олжа еткен,
Сенбе осы, әлде басқа ма?
Басы ауырғанда ем болған,

Масылдарға жем болған
Қайдан ақша жиналсын,
Әби деген қасқада.
Етесің енді әжуә
Құдайдың қалай жазуы ә?
Есі бар деген Орекем,
Бұл не деген масқара?
Осыдан кейін қоймасаң,
Бойыңа біткен әдет қой
Өлгеніңше тастама.
Қолында барын аямай,
Оңды солды шашылған,
Жас ұлғайып бала өсіп,
Амалы құрып басылған.
Әбиболла ініңнен
Жолданды осы әпсана.

- Мәжит, бауырым, деп бастапты, Әбиболла аға келесі өлеңіне берген түсініктемесінде: - Қолда барда итте жақын, қолда жоқта жақының жат, - дейді қазіргі өмір пәлсапасы. Бұл жәй менің басымнан да өткенін өзің білесің. Жай адам болса бір сәрі, ал жалт бұрылатындар өзіңнің ет жақындарың боп шықса өзегің у ішкендей өртенеді екен. Содан соң басқаға қалай өкпелейсің.

Баяғы өзіміздің Жақаң (көп жыл ел басқарған ел ағасы) алпыстан асқандағы өзің білетін бір ауыз сөзі есімнен кетер емес. Силассаң тіріде силас, өлгенде өкіргенінді мен естімеймін. Тіріде силаспасаң к... нің қак басына – деген еді ау, ақылдым! Бұл өлеңнің қалай туған себебін өзінде білесің ғой.

Жағамдеп ағайынның бас басына,
Қой сойған Әби едім аптасына.
Үйімнен күліп шықса қонақтарым,
Жеткендей қуанушы ем мақсатыма.
Сол күндер өтіп бастан зар боп қалдым,
Сондағы мадақталған жақсы атыма.
Қарайтын уа Замана уақыт болды – ау,
Адамның басы емес ақшасына.
Ағайын берсең жақын, бермесен жат,
Оп-оңай айналуың жақпасыңа.

1. Жақып Ыдырысов – көп жыл ел басқарған ағасы. «Қиял сапарында» атты кітаптың авторы, ақын. Күдерінің тікелей ұрпағы.

Ойынан жазатайым шықпай қалсаң,
Жазылдың қара тізім тақтасына.

Жемсаудың жайын тапсаң отырғызад
Төрдегі «Шәдиардың» нақ қасына.
Ол кезде ұят-ау деп қарамайды,
Үлкеннің сақалы мен ақ шашына.
Жан жалдап, иман алдап жиған мүлік
Кім кепіл шаян болып шақпасына?
Жоқ болсаң жақының жат болсаң бауыр
Құдайым ақырын бер сақта шыда!...
Ынсап пен қанағаттан жұрдай болсаң,
Көп тұрмас қонғанменен бақ басыңа.
Атадан алты арыс боп тусаңдағы,
Келеді ақыр заман бас басыңа.
Сыбағаң: Он метр бөз, үш қадам жер,
Жазылар екі ауыз сөз «көк тасыңа».
Жатарсың тылсым дүние құшағында,
Бірдей боп министр де, бақташы да.
Тірлікте сіз біз дескен ең абзалы,
Біріңмен бірің болып жақсы ашына.
Беретін бұл фәниде пенде бар ма,
Кепілдік шыққан күннің батпасына.
Бектерім, байыппенен бағдарласаң
Қонақсың өзің түгіл отбасыңа.
Кіршіксіз оның үшін адал силас,
Болмаса қаямның нақ қақбасына!!!

Жиен ағасы О.Нұрқабаев біраз уақытқа дейін өзінің көңілді кеуілін төмендетпеу үшін «аханды» тастамаған. Одан Орекеңнің шабыты шындалмаса төмендеген де жоқ. Бұл кезде Әбиболла ағаның біріңғай алланың ақ жолына түскен кезі болғандықтан, Орекең ағасының іс- әрекетіне сыни көзқараста болды. Оның ағалық айдынына кір келтірмей, інілік ниетін әзіл шыны аралас төмендегі «Орекеңе сыр» деген өлеңімен жеткізген болатын.

Жастық шақ асығыс пен аптық екен
Асқанша жас алпыстан шаттық екен.
Қалайша қара басып қартаймастай,
Күнәға көре-тұра баттық екен?
Егделік етегінен аяған шақта,
От басы, ошақ қасы –тақ-тұқ екен.
Бата алмай балдар менен келіндерден,
Ащы мен ашналықтан сақтық етем.
Ореке, қартайғанда құмартатын,
Жұтқаның жастығыңнан тәтті ма екен?
Тарлан ек таң атқанша талмайтұғын,
Ер қажап иығына батты ма екен.
Сексенге секірсең де серік болып,
Киесі запар дәмнің қақты ма екен.

Әулеттің бетке ұстар серкесі едің,
Жүрмесін тағып біреу атты бөтен.
«Беретін үлгі өнеге кейінгіге,
деген сөз: «Орман ба анау» - жақсы ма екен?
Өмірдің алды үміт, арты өкініш,
Арманын асылы адам тапты ма екен.
Әр нәрсе орныменен болғаны абзал,
Бұл сырды өзіңе айтпай, жатты не етем.
Қортынды бұл бәтемнен шығармасаң,
Ореке, жолым үлкен қатты кетем...
Іздесең «Жаңа базар» атты мекен.
Баяғы сілейгенше сілейтұғын,
Бек таныс баршаңызға «Жақсы мекен».
Зәпәрдан қолың тисе дабрасыз,
Жазылған жанабыма хатты күтем.
Жазушы жан ашырлық ниетімен,
Нағашың Әбибулла мақсұм екен...
Жар болып құдай әруақ жәрдем ет,
Қолдай гөр Тапал ақын тақсыр әкем.
Түсіне Орекеңнің түнде кіріп,
Тұмсықтан төрт жұдырық тапсыр әкем.
Ақырғы антын алып, құйрығына,
Ерлікті «қойдым» деген жапсыр әкем.

Ә. Мұхамеджанов ақын, байырғы журналист, жиен ағасы О. Нұрқабаевтың ерекше қабілетін «Сөз мергені» деп жоғары бағалап, оның қайтыс болғаннан кейінгі жылдық асында былайша тебіреніпті: - Ағаның ер тоқымын арқалауды парыз тұтып өскен ұрпақпыз. Мен Орекеңмен серілік атты «Сайтанының» шылбырын бірге ұстаған адаммын. Қызып қалса арқалаған, қонып қалса бір жастыққа бірге жантайдым. Мен іні болсам да Орекең көп әзілдесетін.

- Әзілдесетін адамның ыңғайы болмай тұр, Әбижан, ең дұрысы өзің деп әзіл қалжыңның қақпанын маған құратын. Шіркін-ай, Орекең отырған жерде уайым үркіп, қайғы қаңғырып кететін. Қара сөздің қаймағын қалқып, әзіл сөздің ажарын келтіретін. Жұрт он ойланып, жүз толғанып таба алмайтын теңеулерін қас қағым сәтте дәл тауып, орнына жұмсайтын. Мен мұндай сөз мергенін бұрын соңды көрген емеспін. Алла ғұмыр берсе бір «Орманнәма» атты кітап жазсам деймін.

Бүгін бәрін тізіп, Орекең әзілдерін түгелдеп жазып шығу мүмкін емес. Мен де Орекеңнің жүздеген әңгімелері жазулы, қайсыбірі ойымда. Қайран, ағатайым - ай! Тойымсыз қара жер қалайша осындай сөз зергерлерін көмкеріп жатырсың. Жоқ, сұм қара жер сен оның денесін ғана жасырып жатырсың. Оның рухани өміршең маржан сөздеріне әлің келмей, тағзым етіп тұратының ақиқат. Мына өмірде талай ұрпақ Орекең әзілдерін әлі де найзағайдай жарқылдатып, алтындай жарқырата беретіне күмән жоқ.

Бір сәт көзімнен жас төгілді. Ие бола алмай қалдым. Қалың жазбаларымнан мына бір өлең суырылып шықты. Осы өлеңімді дұға ретінде бағыштаймын, қайран аға! Ал тыңда оқырман: Бұл өлең 1988 жылы Орекеңе арналып жазылып еді.

Армысың, арда бұлан азаматым,
Аға едің асқан жұрттан «кәрәматың».
Тындырған жалғыз өзің жақ аштырмай,
Жиналған жұмыла жұрт жамағатын.
Әулетте орның бөлек, бағаң басым,
Сынығы сом алтынның саналасың.
Ой ұшқыр, сөзің өткір, тілің жебе,
Сүліктей тиген жерге қадалатын.
Базар ғып бас қосылса бәһәр ашып,
Күлкіден көңіл сергіп, нәр алатын.
Салдырып сауық сайран, зауық запа,
Күндер ай! Қона жатып оралатын.
Соңыңа сонда түскен есінде ме?
Күлім көз ақ келіншек, қара қатын.
Сол жолы көптеу сілтеп, «солар» ғой деп,
Құшақтап Алмагүлді қол алатын...
Түс көріп өзің жорып, мен жөнінде,
«Шәрбәттан» ақысына «пара» алатын.
Өтті ғой небір дәурен басыңыздан,
Өмірдің ерте шашып ароматын.
Айналдың көз тіріде легендаға
Аталмай жалғыз рет жаман атың.
Бұл өмір қарап тұрсаң көрген түстей,
Кім білген өтсе қайтып қарамасын.
Қырансың қайта самғап ұша алмайтын
Қатайтып тұйықтаған томағасын.
Сонда да қызыл көрсең қомпаңдайсың,
Қалпындай аққуды іліп ала алатын.
Өзіндей Орекесі ау адам сирек,
Аңыз деп ел аузында қала алатын.
Тапалдың әруағымен атың кетті,
Аралап Қазақстан уәләятын.
Кешегі, Аташ, Мақаш, Әлекеңдер,
Өмірдің көрген талай ғаламатын.
Басса да батпан салмақ шөгіп жатыр,
Бір тума нарлар еді ау тура алатын.
Мәрт қожа Мақан біздің, астындағы,
Айталсаң, арғымағын бере алатын.
Барында асқар таудай ағалардың,
Бастарың жиі жиі құралатын.
Өзіндей сол жиында жан болмайтын,

Құлпыртып «Гүлпараға» сала алатын.
Мінеки, бара бара сиредіңдер,
Кім қалды өздеріңдей бола алатын?
Жүрсе де қалғаны аман қартаймаймыз,
Сол үшін берсін саулық, саламатын.
Өз басым, жас кетсе де жары ортадан,
Ағаның аңсап тұрам бәлағатын.
Жаратқан, жамалыңмен жар бола гөр,
Бағыш қып бар нәрсенің қанағатын.
Сақта деп зұлмат пенен зіл заладан,
Құдайға күнде қылар мінәжатым.
Сіз бізге тіршілікте не жетеді,
Алғанша Алла өзінің аманатын,
Сонан соң топырақпен қауышармыз,
Тәніміз баста содан жаралатын.
Азамат, заманың да абзал міндет,
Ардақтап алып жүру Адам атын.
Айтарым осы еді Орекесі,
Келтіріп өзің оқы қырағатын.
Барымды баяндадым байқасын деп,
Қомсынған Күдерінің жұрағатын.
«Алтынның қолда барда қадірі жоқ»,
«Насыбайдан көңіл қалар бір ақ атым»...
Тәмәмдап точкі қойған Әбиболла,
Мойныңда жүре берсін қалам ақым.
Әйтеуір тірі болсаң қайтарарсың,
Қалтамда таусылғанда қаражатым.

Көпшілік назарына ұсынылып отырған Ә.Мұхамеджановтың өлеңдері бұрын баспа бетінде жарияланбаған дүниелер. Күнделікті өмір түйткілдерінің әсерінен ақын жанынан шыққан бұл өлеңдер өзінің сөз саптауының қарапайымдылығымен оқырман жүрегінен бірден орын алатын болса, екінші жағынан оның аржағында өмір философиясы қылаң береді.

Біздің шығармашылық қоржынымызда Ә.Мұхамеджановтың ағалары: Т.Оразовқа, Қалтай Құдайбергеновке, Ж.Азаматовқа, інілері Х.Әбеневке, О.Құлымбетовке, М.Пейісовке, Б.Жақыповқа, Қ.Құдайбергеновке, С.Азаматовқа, келіндері Ж.Жәнібековаға жазған өлеңдері сақтаулы. Тірліктің қарапайым өмір түйткілдерін қозғайтын бұл өлеңдерінің танымдық, тәрбиелік мәні де жоғары.

Бұрын баспа бетін көрмеген тұшымды ойлар мен пікірлерді, мәнді де мағыналы өлеңдерді жариялаумен озық ойлы оқырмандардың ықыласына бөленіп жүрген «Сырдария» альманағы қажет деп тапса, Күдері ақынның тікелей ұрпақтарының шығармаларын ұсына беруге дайын екенімізді ескертеміз.

(Жалғасы бар)

Құдайбергенов Қазыбай - ҚМУ-нің профессоры.,
Құдайбергенова Күнімжан Тыныштықбекқызы гуманитарлық ғылымдар
магистрі, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
«Қорқыттану және өлке тарихы» ҒЗИ-ның ғылыми қызметкері